



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ ҚҰЖАТТАР ТІЛІНЕ ТӘН ЕРЕКШЕЛІКТЕР
(қазақ және ағылшын тілдері материалдары бойынша)

Әбдраманов Олжас Маратұлы

870-950@mail.ru

5B020700 – «Аударма ісі» мамандығының 4-нші курс студенті,

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Сәтенова С.К.

Қай кезеңде болмасын әр мемлекеттің саясатында дипломатияның маңызы өте жоғары болғандығы белгілі. Осы дипломатиялық байланыстар көмегімен екі елдің арасындағы қарым-қатынасты одан әрі жақсартып одақ деңгейіне дейін жетсе, кей-кездері керісінше үлкен шғындарға, соғыстарға немесе үлкен дау дамайларға апарғандығы жөнінде мәліметтер, тарихи деректер кездеседі. даулардың алдын алып та отырған.

«Дипломатия» сөзі гректің *diploma* – қосарланған тақтайшалар деген сөзінен шыққан. *Diploma* – жазу түсірілген қосарланған тақтайшалар Ежелгі Грек елінде елшілердің ерекше өкілеттігін айғақтайтын сенім грамотасы ретінде ұсынылған [1, б. 4].

Дипломатия сөзінің анықтамасын «Дипломатия» сөзіндігінде нақтырақ, кеңірек ауқымда берілген. Дипломатия жалпы қабылданған анықтама бойынша:

- мемлекеттің сыртқы саясатын жүзеге асыратын құрал ретінде – бейбіт шаралардың жиынтығын, нақтылы бір мәселелерді шешуге арналған қабылдаулар мен әдістерді білдіреді;
- шет елдегі мемлекет және үкімет басшыларының, сыртқы Сыртқы істер министрілігінің, сыртқы мекемелерінің, дипломатиялық өкілдіктердің ресми қызметі;
- мемлекеттің сыртқы саяси мақсаттары мен міндеттерін жүзеге асырушы өкілдерінің халықаралық мәжілістердегі қызметі, сонымен бірге мемлекеттің шет елдегі мекемелері мен азаматтарының құқықтары мен мүдделерін қорғауға арналған қызметі [2, б. 6].

Дипломатияның басты мақсаты – тараптар арасындағы өзара тең және бейбіт келісімге қол жеткізу болып табылады. Ал, дипломатия тілі – бұл екі түрлі ұғымдарды белгілеуде қолданылатын айтылым. Біріншіден, бұл тілде ресми дипломатиялық қатынастар орнатылып, халықаралық шарттар бекітіледі. Екіншіден, бұл жалпы қабылданған дипломатиялық сөздікті құрайтын арнайы терминдер мен фразалардың жиынтығы» [3, б. 134].

Дипломатиялық құжаттарға Сенім грамоталары, жолдаулар, хаттар, ноталар, сонымен қатар декларациялар, мәлімдемелер, меморандумдар, хаттамалар, анықтамалар және тағы басқалары жатады.

Дипломатиялық деңгейдегі ресми хат алмасудың қызметтік іс жүргізуден үлкен ерекшелігі бар, мұнда халықаралық құқық, әдет-ғұрып нормалары қатаң сақталады. Хат алмасуда жалпы нормалардан алшақтау немесе оларды елемей, іс жүргізу мәдениетінің және хат жолданған мемлекетке деген құрметінің төмендігін көрсетеді.

Дипломатиялық құжаттардағы хаттамалық сөз орамдары мемлекет және үкімет басшыларының жеке жолдауларында, жеке ноталарда, вербальді ноталарда, сондай-ақ шабарман арқылы жіберілетін жадынамалық жазбаларда қолданылады. Хаттамалық сөз орамдары ұғымына дипломатиялық құжат бағытталған тұлғаға арналған қаратпа сөз, құжаттың басындағы құрмет сезімін білдіру және дипломатиялық құжаттың соңында білдірілетін ізгі ниет жатады.

Осы мақалада Америка Құрама Штаттары мен Ұлыбритания және Солтүстік Ирландияның Біріккен Корольдіктеріндегі жоғары лауазымды тұлғаларға жазылған дипломатиялық құжаттар мен хат-хабарларды жібергенде аудармашының ескеруі керек хаттамалық сөз орамдарының ағылшынша-қазақша нұсқалары қарастырылады. Құжаттарды аударғанда жіберілген тұлға мен оның қай елдің азаматы екенін ескере отырып және сол елдің хаттамалық сөз орамдарына мән бере отырып аудару аудармашы үшін өте маңызды

болып табылады.

Ал, дипломатиялық құжаттардың мазмұны мен хаттамалық ерекшеліктері жағынан бір-бірінен айырмашылықтары бар. Соларға тоқталып, анықтамалармен айырмашылықтарын аша түссек.

Сенім грамоталары – шет мемлекетте Төтенше және Өкілетті Елші ретінде тағайындалған тұлғаны растайтын құжат. Қабылдаушы мемлекеттің басшысына жолдаған Сенім грамоталарына дипломатиялық өкілді жіберуші мемлекеттің басшысы мен сыртқы істер министрі қол қояды. Сенім грамоталары елшілерге, кей жағдайларда уәкілдерге және арнайы делегациялардың басшыларына беріледі [4, б. 26]. Осыған орай, белгілі мәселелерге байланысты келіссөздер жүргізу немесе шартқа қол қою оған арнайы өкілеттілік беріледі. Мысалы:

Жоғары мәртебелі!

Халықтар арасындағы ынтымақтастықты нығайту саясатына және Қазақстан Республикасы мен Әзірбайжан Республикасы арасындағы достық қатынастарды дамытуды көздей отырып, мен Шоқытов Андар Мәулешұлын Қазақстан Республикасының Әзірбайжан Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі етіп тағайындауды мақұл көрдім.

А.М.Шоқытов мырзаны осы Сенім грамотасымен тіркей отырып, ЖОҒАРЫ МӘРТЕБЕЛІ, оны ізгі ниетпен қабылдауыңызды, бұл кісі менің атымнан және Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан СІЗГЕ баяндағандарының бәріне қалтқысыз сенуіңізді өтінемін.

Н. Назарбаев

Сендіруші Қ. Тоқаев

Қазақстан Республикасының

Сыртқы істер министрі

Астана 2006 жыл

Вербальды нота – Сыртқы істер министрлігі сол елде аккредитациядан өткен елшіліктер мен хат алмасуды арнайы дипломатиялық нота формасында жүргізеді. Бұл дипломатиялық хат алмасудың кең тараған түрі. Сыртқы істер министрлігі немесе елшілік атынан үшінші жақта жазылады және бұған қол қойылмайды, мекеменің мөрі басылады. Вербальды нота құрметпен басталып, ізгі ниетпен аяқталады. Ол дипломатиялық құжат ретінде белгілі бір мақсатты көздейді, халықаралық, екі жақты мәселелер жөнінде мемлекеттің ұстанымын айқындап, олардың дамуына ықпал етеді.

Жеке нота – маңызды және принципті мәселелерді шешу үшін қолданылады. Ол белгілі бір жағдай жайында ресми ақпарат ретінде жіберіледі. Мұндай нота хат түрінде және бір жақты ноталық бланкте мекен-жайы көрсетіліп жазылады, мөр басылмайды [4, б. 36]. Мысалы:

Құрметті Министр мырза!

Менің Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрі болып тағайындалуыма байланысты жолдаған шын жүректі құттықтауыңызғы ризашылығымды білдіремін.

Министр мырза, өзіңізге мықты денсаулық пен бақыт, бауырлас Пәкістан халқына амандық пен өркендеу тілеймін.

Шынайы құрметпен,

Жоғары Мәртебелі

Соңғы жылдарыда мемлекет және үкімет басшылары бір-бірімен жеке жолдау хаттарын (бүгінде факс не электрондық пошта арқылы) алмасып тұрады. Олар өзекті, кейінге қалдыруға болмайтын мемлекетаралық, не болмаса халықаралық мәселелер туралы пікірлерімен алмасады. Осы жеке нотаның көмегімен, кей жағдайда олар сыртқы саясат

мекемесін іске кірістірмей, мәселені өзара шеше алады.

Жоғарыда аталған құжаттардың мәтіні қаратпа сөзбен басталып, құрметпен (комплиментпен), яғни сыпайылықпен аяқталады.

Ал, дипломатиялық құжаттарды аудару қызметі тек аудармашы болып қана қоймай саясаттан, халықаралық қатынастар мен экономика секілді маңызды салаларға деген қызығушылық пен арнайы білімді талап етеді. Аудармашы дипломатиялық құжаттарды аудару барысында әрбір құжаттың құрылымын, хаттамалық сөз орамдары мен арнайы терминдерді білуі және оларды орынды пайдалануы өте маңызды. Мақалада ағылшын және қазақ тілдеріндегі хаттамалық сөздердің мәтіндерде кездесуі мен аудармада берілуін талдап, сарапқа салуға талпыныс жасалады.

Хаттамалық сөз орамдары ұғымына дипломатиялық құжат бағытталған тұлғаға арналған қаратпа сөз, құжаттың басындағы құрмет сезімін білдіру және дипломатиялық құжаттың соңында білдірілетін қошеметтілік жататындығы жоғарыда айтылды. Дегенмен әр елдің өзінің ұлттық ерекшеліктері мен қабылдаған нормаларына байланысты хаттамалық сөз орамдарын дұрыс және сауатты аудару аудармашы үшін өте маңызды болып табылады. Қазақша-ағылшынша-орысша дипломатиялық сөздікте *honorable/excellency* сөздері *мәртебелі* деп аударылып берілсе де, бұл сөз орамдарының дипломатиялық хат-хабарларды аударғанда әрқайсысын өз ретімен дұрыс аудару өте маңызды. Мысалы: ағылшын тіліндегі *Мәртебелі (The Honorable)* сөзі тек шетелдік дипломаттарға, халықаралық ұйымдар мен министрлік басшыларына ғана халықаралық деңгейде пайдаланылса, Америка Құрама Штаттарында жоғарғы дәрежелі шенеуіктерге, зейнетке шыққан шенеуіктерге, конгрессмендерге, сенаторлар мен штат басшыларына да қолданылады [5, б. 184].

Мысалы:

Мәртебелі (The Honorable)

БҰҰ-ның Бас Хатшысы

Пан Ги Мун

Мәртебелі сөзі (*The Honorable*) ешқашан елшілікте немесе офистегі хатшылық қызметпен айналысып, телефон қоңырауларына жауап беріп отырған адамның есіміне тіркеліп жазылмайды. Ондай кезде тек хатшының есімі мырза (*Mr.*) немесе ханым (*Mrs.*) сөздерімен беріледі.

Мәртебелі сөзі (*The Honorable*) әдетте берілген кісінің есімімен бір қатарда немесе есімінің жоғарғы жағында жазылады. Іскерлік хаттарда *Мәртебелі* сөзі (*The Hon.* немесе *Hon.*) түрінде қысқартылып берілсе де, толық жазу дұрысырақ болып табылады. Екі елдің тілдік айырмашылықтарының бірі – осындай ұлықтау сөздері қазақ тілінде қысқарған түрінде берілмейді.

2. *Жоғары Мәртебелі (His/Her Excellency)* өзге елдің мемлекет басшыларына немесе президенттерге, үкімет басшылары мен премьер министрлерге, шетелдік елшілерге, өзге де шетелдік жоғары лауазымды тұлғаларға және бұрынғы басшыларға ғана қолданылатын сөз тіркесі болып табылады.

Мысалы:

Жоғары Мәртебелі

Қазақстан Республикасының Президенті

Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев

Егер тұлға *Жоғары Мәртебелі (His/Her Excellency)* дәрежесін бір жолы алса, осы атағын өмір бойы сақтап қала алады. Тек кейбір жағдайларда ғана ресми хаттарда олай аталмауы мүмкін. Солардың бірі егер дипломатиялық корпусстың басшысы Өкілетті елшінің немесе лауазымды мүшесінің, белгілі бір саяси қайраткердің **персона нон грата (persona non grata)** деп жариялануы сол елдегі *Жоғары Мәртебелі (His/Her Excellency)* құрметті атауынан айырылуға әкелуі мүмкін.

3. *Эсквайр (Esquire)* бұл лауазым Америка Құрама Штаттарында заңгерлерді, Жоғарғы соттағы кеңсе қызметкерлерін және өзге де соттағы лауазымды шенеуіктерге беріледі. Дегенмен эсквайр сөзінің аудармасы қос тілді, көп тілді сөздіктерде берілмеген.

Сондай-ақ, қазақша-ағылшынша-орысша дипломатиялық сөздігі, орысша-қазақша саяси сөздігі, саяси сөздік-анықтама тәрізді сөздіктерде де жоғарыда аталған сөз кездеспеді. Сол себепті, ол сөзді транслитерация әдісімен бергенді жөн көрдік. *Эсквайр (Esquire)* лауазымы тұлғаның есімімен қатар жазылатын болса, ол кезде тұлғаның жеке лауазымдары **Мырза (Mr.), Доктор (Dr.)** және тағы басқалары алынып тасталынады. Мысалы: *Эсквайер Джон Смит (John Smith, Esquire)* [5, б. 186].

4. **Ғылыми дәрежелер.** Ғылыми лауазымның екі түрі бар олардың біріншісі **доктор дәрежесі (doctor's degree), Философия бойынша Доктор (Doctor of Philosophy Ph.D.)** дәрежелері болса екіншісі ғылыми жұмыс лауазымы болып табылады. Егер хат алушының доктор дәрежесімен қатар профессор лауазымы болса, ресми хатты жазғанда оны *Профессор Джон Смит (Professor John Smith)* деп атаған абзалырақ болып табылады.

Университет Ректоры (Chancellor), Деканы (Dean) немесе Профессорлардың (Professor) есімдері және лауазымдарымен қатар **Доктор (Dr.)** дәрежесі қатар жазыла береді. Егер берілген тұлғаның доктор дәрежесі болмаса, онда **Мырза (Mr.)** және **Ханым (Mrs.)** сөздері тіркеліп жазылады. Әдетте тұлғаның ғылыми дәрежесі таныстыру кезінде айтылып жатады. Мысалы: *Гарвард Университетінің Профессоры Джон Смит (Professor John Smith of Harvard University)* [6, б. 56].

5. **Діни лауазымдар.** Егер дін қызметкерінің докторлық дәрежесі (**Ph.D.**) немесе құрметті ғылым докторы (**honorary D.D. or LL.D.**) дәрежелері болса, ол тұлғаның есімінің алдынан **Доктор (Dr.)** сөзі бір қатарда жазылады. Әдетте, Ұлыбританиядағы жоғары лауазымды шіркеу басшылары мен қызметкерлеріне арнап ресми хат жолдағанда хат алушы тұлғаның есімінің алдына әрдайым **Өте Қасиетті (The Very Reverend)** немесе **Қасиетті (The Reverend)** жазу дипломатиялық хат алмасудың міндетті бөлігі болып табылады. Мысалы: *The Very Reverend Dr John Hall was installed as the 38th Dean of Westminster on 2 December 2006* [7, б. 1].

Сәлемдесулер (Salutations)

Дипломатиялық хат алмасу кезінде хаттың басқы жағы сәлем түріндегі қаратпа сөздермен басталады. Қаратпа сөзді қолдану хат жіберілген тұлғаның жынысына, лауазымына, хаттың ресмилік деңгейі мен хат жіберуші мен алушының арасындағы қарым-қатынасқа тікелей байланысты болып табылады. Соңғы уақыттарда ресми құжаттарда ресмилік деңгейі төменірек сәлемдесулерді жазу кең етек жайып келе жатқан үрдіс болып табылады [8, б. 9].

Мырза (Mr.) сөзі **Президент (President), Вице-президент (Vice-President), Премьер Министр (Prime Minister), Хатшы (Secretary), Елші (Ambassador)** және **Министр (Minister)** лауазымдарының алдында қолданылады. Егер лауазымды тұлға әйел адам болса, онда ол кісінің тегіне қарағанда **Ханым (Miss)** немесе **(Mrs. or Madam)** лауазымды сөздері қолданылады.

Мысалы:

Құрметті Хатшы ханым (Dear Madam Secretary)

Америка Құрама Штаттарында егер әйел кісі Өкілдер Палатасының Мүшесі болған жағдайда оның лауазымы **«Құрметті Смит ханым (Dear Mrs. Smith)»** деп аталады.

(to a woman Member of the House of Representatives) бірақ, ол кісі Сенаттың мүшесі болған жағдайда оның лауазымын дипломатиялық хат алмасуда **«Құрметті Сенатор Смит (Dear Senator Smith)»** (to a woman member of the Senate) деп жазу және аудармада осы үлгіде беру дипломатиялық хаттамаға сай болып табылады.

Дегенмен хат алушы белгілі бір ортаның өкілі болған жағдайда және хаттың ресмилік деңгейі төмендеу кезде, мысалы, елшілер қауымы, оның тегі қызметтік лауазымымен бір қатарда жазыла береді. Оған мысал ретінде, Біріккен Ұлттар Ұйымының (БҰҰ) Бас Хатшысы Кофи Аннанның Қазақстандық елші Арыстанбекова ханымға жазған хаты үлгі бола алады. Бұл хатта Аннан мырза өз хатын **«Құрметті Елші Арыстанбекова/Dear Ambassador Arystanbekova»** деп бастаған [9, б. 3].



THE SECRETARY GENERAL
Dear Ambassador Arystanbekova

3 May 2002

I should like to thank you for your letter of 19 April 2002 and for your book "The United Nations and Kazakhstan".

I would like to express my sincere appreciation for your passionate support for the work of the United Nations. Your book is a clear testimony of your commitment and is without doubt a welcome addition to the history of the Organization. I was most touched by the kind words that you dedicated to me.

With assurances of my highest consideration.

Her Excellency
Ms. Akmaral Arystanbekova
Ambassador of the Republic of
Kazakhstan to France
Paris

KOFI A. ANNAN

БАС ХАТШЫ

3 мамыр 2002 жыл

Құрметті Елші Арыстанбекова!

Сіздің 2002 жылы 19 сәуірдегі хатыңыз үшін және Сіздің "Объединенные Нации и Казахстан" кітабыңыз үшін Сізге алысымды білдігім келеді.

Сіздің Біріккен Ұлттар Ұйымын жан-тәңізібен қолдайтыныңыз үшін өзімнің шынайы құрметімді жеткізім келеді. Сіздің кітабыңыз Сіздің мұратыңыздың жарқын куәсі болып табылады, әрі сөз жоқ, Ұйымның тарихын тануға қосылған елеулі үлес деп қарастырылады. Сіздің маған арнаған жылы сөздеріңізге барынша төбрендім.

Менің барынша құрметіме сендіруімді қабыл алайсыз.

Жоғары Мәртебелі
Ақмарал Арыстанбекова ханымға
Қазақстан Республикасының
Франциядағы Елшісіне.
Париж.

КОФИ АННАН

Егер хат алушы тұлғаның жынысы белгісіз болса, онда әрдайым қазақ тіліне эквивалент болып табылатын **Мырза (Mr.)** сөзі жазылады. Егер лауазымды әйел адамның тұрмыс құрған немесе құрмағандығы белгісіз болса, **Ханым (Miss.)** сөзі **Ханым (Mrs.)** сөзіне қарағанда дұрысырақ болып табылады [10, б. 4]. Дегенмен соңғы жылдары, хатты алушы әйел адам **Ханым (Ms.)** деп атағанды жөн көретіні анық болса, ол жағдайда **Ханым (Ms.)** деп жазу абзал болып табылады. Оған мысал ретінде Кофи Аннан мырзаның Ақмарал Арыстанбекова ханымға жолдаған хаты куә бола алады. Демек, қазақ тіліндегі баламасы **ханым** болғанымен оны ағылшын тіліне аударғанда осындай тілдік және мәдени ерекшеліктерді ескеріп аудару аудармашының сауаттылығы мен біліктілігін көрсетеді.

Ресми және дипломатиялық хат алмасуда лауазымды тұлғалардың дәрежелері (мысалы: Президент, Вице-президент, Елші) тегімен қатар ешқашан жазылмайды. Оның орнына ресми **Құрметті Президент мырза (Dear Mr. President)**, **Құрметті Елші мырза** немесе **ханым (Dear Mr./Madam Ambassador)** сөздерімен беріледі. Осы тәрізді аудармашының басты назар аударуын талап ететін ерекшеліктердің бірі – әрбір жоғары лауазымды тұлғаларға арнап жазылатын қаратпа мен қорытынды қошемет сөздер мен тіркестердің аудармада дұрыс және орынды берілуін ескеру қажет. Мысалы, әлемдік практикада Президенттерге арналған жалпы нормада қалыптасқан қаратпа сөздер **Мәртебелі (Excellency)** немесе **Қымбатты Президент мырза (Dear Mr. President)** сөздері болса, патша мен патшайымға **Ұлы Мәртебелі** немесе **Жоғары Мәртебелі** деген сөз орамдары қолданылып, оларды сәйкесінше **Your Majesty** деп аударады. Мысалы: **Жоғары Мәртебелі II Елизавета Патшайым (Her Majesty Queen Elizabeth II)**.

Онымен қоса, корольдік отбасының кейбір мүшелеріне бағытталған дипломатиялық хаттарды аударғанда **Корольдік Жоғары Мәртебелі Чарльз Ханзада (His Royal Highness Prince Charles)** немесе **Қымбатты Чарльз ханзада (Dear Prince Charles)** түрлерінде берген абзал.

Дипломатиялық хат алмасудағы қорытынды қошеметтер.

Жоғары лауазымды тұлғаларға (Президент/President, Мемлекет басшылары/Chiefs of State және корольдік отбасы мүшелері/a member of a royal family) жазылған хаттар мен жолдаулар **Құрметпен (Respectfully)** немесе **Ізгі құрметпен (Respectfully yours)** деген сөз тіркестерімен аяқталады.

Үкімет шенеуіктері, дипломаттар мен жеке адамдарға арнап жазылған хаттардың соңында **Шын жүректен (Sincerely)** немесе **Шынайы құрметпен (Sincerely yours)** секілді сөз тіркестерінің берілгені дұрыс. Ресми хат алмасуларда кей кездері **Шынайы өзіңіздің (Very truly yours)** сөз тіркесі де қолданылады.

Жеке ноталардың да қорытынды хаттамалық сөз орамдары әдеттегі кең таралған «Құрметпен», «Шынайы құрметпен» немесе «Ізгі ниетпен» тәрізді қошемет сөздерімен аяқталады.

Қорытындылай келгенде, жалпы хаттамалық сөз орамдары өз жағына ешқандай нақтылы саяси мазмұнға ие болмағанымен, олар дипломатиялық құжаттағы мазмұн тұтастығының бөлінбес бөлігі болып табылады. Хаттамалық сөз орамдары дипломатиялық

құжаттарға қайталанбас ерекшелік беріп тұрады деп айтуға болады. Бұл, әсіресе, жалпы қабылданған хаттамалық сөз орамдарынан ауытқушылық орын алғанда айқын көрінеді, әрине ауытқушылық жағымды немесе жағымсыз болуы мүмкін, дегенмен құжаттың мазмұны, мәні айқын сезіледі. Ал, аудармашы үшін осындай аударуға жеңіл болып көрінетін қаратпа сөздер мен қорытынды қошеметтердің астарында әр елдің мәдениеті мен әдебіне сәйкес терең мән жатқанын білу және соған сәйкес аудару өте маңызды болып табылады. Жоғарыда қарастырылған тілдік бірліктерді, дипломатикалық этиканы, дипломатиялық құжаттар тілін, оның ерекшеліктерін, хаттамалық сөз орамдарын жетік меңгеру қажет.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Әліпбаев А.Р. Дипломатия тарихы: дәрістер жинағы. – Алматы: Қазақ университеті, 2013. – 148 б.
2. Әліпбаев А.Р. Халықаралық келіссөздер: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2012. – 404 б.
3. С. Батырашұлы. Дипломатиялық қызмет және халықаралық қатынастар. Оқулық. – Астана: ЕҰУ баспасы, 2010. – 484 б.
4. Бозжигитова З.Б., Жаханова Ж.А. Дипломатиялық құжатама: оқу құралы
5. United States Protocol: The Guide to Official Diplomatic Etiquette By Ambassador Mary Mel French
6. Чепель Н.П. Challenges of Diplomatic Translation: практика перевода международных дипломатических документов.
7. www.westminster-abbey.org
8. Волкова Т. А. Дипломатический дискурс в аспекте стратегичности перевода и коммуникации, Автореферат
9. Ұлттар Ұйымы және Қазақстан / Арыстанбекова, Ақмарал, [ауд. Қ. Олжай], Астана: Аударма, 2004. – 411 б.
10. Documenting Diplomacy, Evaluating Documents: The Case of the Csce By Keith Hamilton

УДК 81'255

ЯЗЫК И СТИЛЬ РОМАНА С.У. МОЭМА «ЛУНА И ГРОШ» В АСПЕКТЕ ПЕРЕВОДОВЕДЕНИЯ

Багдат Енлик

студент 4-го курса специальности 5В020700 – «Переводческое дело»

ЕНУ им. Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан

Научный руководитель – Бурибаева М.А.

Приобщение к образам английской прозы, навык чтения и понимания художественной литературы и ее содержания поддерживают всестороннее развитие человека, развитие внутреннего мира личности и способствуют самореализации. Важнейшую роль здесь играет переводчик, поскольку, не каждый читатель имеет возможность познать в оригинале таких великих авторов, как например, Р. Брэдбери, У. Шекспир, Ш. Бронте, С. Моэм. В художественной литературе переводчики являются отчасти вторыми авторами произведений.

Одним из главных вопросов изучения в переводоведении являются «эквивалентность» и «адекватность перевода» (труды В.Н. Комиссарова, Л.С. Бархударова, А.Д. Швейцера, В.Н. Крупнова и мн. др.). Чертой, отличающей перевод от других видов языкового посредничества, является единство формы и содержания переводного текста. Это выражается, прежде всего, в том, что рецепторы перевода считают его полностью тождественным исходному тексту. Воспроизведение в переводе содержания и формы оригинала должно быть максимально точным, от этого напрямую зависит то, насколько